

FTAХР 06.73.02
ӘОЖ 336

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2021-1-2-105-113>

И.Ә. ИМАНБАЙ,^{1*}

Э.Ф.М.

*e-mail: i.imanbay@turand-edu.kz

С.А. КАЛЕНОВА,²

Э.Ф.Д., профессор.

e-mail: saulesh57@mail.ru

М.Н. ОРАЗАЛИНОВА,³

PhD.

e-mail: m.orazalinova@turand-edu.kz

¹«Туран» университеті, Қазақстан, Алматы қ.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСІ ДАМУЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Андатпа

Мақаланың мақсаты еліміздегі шағын және орта бизнестің дамуы және оны мемлекет тарапынан қолдауы бойынша бүгінгі таңда өзекті болып табылатын тақырыптарын ашу. Аталған мақалада, шағын және орта бизнес салаларына байланысты талдау жұмыстары жүргізіліп, әдістемелік нұсқаулықтардың бірнеше түрі берілді. Бірнеше авторлардың әлеуметтік бизнеске қатысты айтылған анықтамалары мен тұжырымдамалары ұсынып, шетелдік тәжірибеде қолданылатын бизнес түрлері де көрсетілді. Зерттеудің мақсаты тақырыпқа сәйкес шағын және орта бизнестің дамуына және оның тиімді қызмет етуіне байланысты ғалымдардың зерттеулері мен авторлық ұсыныстарын айту және жүргізілген талдау мен зерттеу нәтижелерін ұсыну. Көбінесе, аймақтық өңірлерде бизнестің дамуы ақсандап жатады. Оны дамытуға мемлекет тарапынан және жергілікті билік тарапынан ақпараттандыру мәселелерін шешу қажет болып жатады. Сол себепті, берілген әдістемелік нұсқаулық және бірнеше ұсынылған шешімдер, назарға алынады деген ойдамыз. Қазақстанда ақпараттандыру базасын дамытып, шағын және орта бизнеске қатысты болатын әртүрлі бағдарламалар мен заңнамаларға деген қолжетімділік арта түседі деген ойдамыз. Қазақстандағы шағын және орта бизнестің дамуына мемлекет тарапынан берілетін көмек, қолдауларды да зерттей отырып, бірнеше талдау нәтижелері ұсынылды. Шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдаудың тиімділігін бағалау бөлінген қаражаттың экономикалық тиімділігінің көрсеткіштері бойынша жүргізіледі. Әлеуметтік тиімділік көрсеткішінің артуы Қазақстандағы мемлекеттік қолдау бағдарламаларына деген шағын және орта бизнестің қызығушылығы мен тартылуын көрсетеді.

Тірек сөздер: кәсіпкерлік, бизнес, әдістемелік нұсқаулық, мемлекеттік бағдарламалар, индекс, ақпараттық база, модель.

Кіріспе

Шағын және орта бизнестің (ШОБ) тиімді жұмысы бүгінгі таңдағы өзекті міндеттерінің бірі болып табылады. Өйткені, аймақтық әлеуметтік-экономикалық жүйелердегі цифрлық экономиканың жаңа технологиялық құрылымы мен дамуы жағдайында Қазақстан экономикасының аталмыш секторының жұмыс істеуі өңірдің ресурстық, инновациялық әлеуетін жандандыруға, жергілікті нарықтарды дамыту мен қанықтыруға, халықтың жұмыспен қамтылуын, бюджет қаражатының толықтырылуын және өңірлік жұмыс күшінің молаюын қамтамасыз етуге қабілетті.

Әдебиетке шолу

Паретоның пікірінше, тиімділік ұғымы қазіргі экономикалық ғылымның орталық тұжырымдамаларының бірі болып табылады. Осы тұжырымдаманың негізінде әл-ауқат теоремала-

ры құралды. Соған сәйкес, Парето-тиімділігіне жетілдірілген бәсекелестік жағдайында да, жалпы бәсекелестік тепе-теңдік жағдайында да, тауарларды бұрмаламай қайта бөлу жағдайында да қол жеткізу керек деп тұжырымдаған [1].

Ағылшындық Калдор мен Хикс тиімділікті анықтаудың балама тәсілін – яғни, өтемақы принципін ұсынды (Калдор-Хикс критерийлері). Оған сәйкес, кез келген экономикалық өзгерістер, егер пайда алушылар гипотетикалық түрде шығынның орнын толтыра алатын және әлі де ұтыста қалатын жағдайда ғана тиімділікті арттыру ретінде қарастырылуы тиіс [2].

Қазіргі таңда шағын және орта кәсіпорындардың қызмет етуінің тиімділігінің ең көп таралған критерийлері – бұл әлеуметтік міндеттер кешенін шешуге мүмкіндік беретін жұмыс орындарының өсуі және бюджетке түсетін түсімдер болып табылады [3]. Бірқатар авторлардың пікірінше, шағын және орта бизнестің тиімділігін талдау мен бағалаудың негізгі міндеті – бұл пайданы ұлғайтудың неұрлым маңызды бағыттарын анықтау мақсатында шағын және орта кәсіпорындардың қаржылық-шаруашылық қызметінің әртүрлі тараптарының тиімділігін бағалау болып табылады [4].

Ал, Ионова А.Ф. болса, ұйымның экономикалық тиімділігі салыстырмалы көрсеткіштермен, ұйымның кірістілігі немесе табыс табулығы (пайда табу) көрсеткіштерінің жүйесімен сипатталады деп санайды [5].

Мещеряков С.Г. шағын және орта бизнестің жұмыс істеу тиімділігінің неғұрлым жалпы тұжырымдамасын қарастырған және оны экономикалық тиімділік пен аванстық шығындар немесе экономикалық тиімділік пен ағымдағы шығындардың ара-қатынасын білдіретін салыстырмалы шама ретінде анықтаған. Бұл жағдайда аванстық шығындар осы немесе өзге де өндіріс қондырғыларының әр кезеңде қандай болғанын көрсетеді.

Э. Хелферттің пікірінше, шағын және орта бизнестің тиімділігін талдау және бағалау үшін оның қаржылық және экономикалық нәтижелерін кешенді түрде бағалау қажет: яғни, менеджер, меншік иесі немесе несие беруші тұрғысынан қарағанда [6].

Негізгі ережелер

Қазіргі таңда Қазақстанның экономикасында әлеуметтік бизнес ұғымы белсенді қалыптаса бастады. Шет елдердің тәжірибесіне сәйкес бизнес құрылымдар мен әлеуметтік саланың өзара іс-қимылы нәтижесінде бұл қызмет – әлеуметтік бизнес деп аталады [7]. Стратегиялық бастамалар агенттігінің мәліметінше, Қазақстанда әлеуметтік бизнес енді ғана дамып келе жатыр. Шет елдерде барлық компаниялардың төрттен бір бөлігі әлеуметтік бизнеспен айналысады.

Жақын арада әлеуметтік бизнестің өсу үрдісі Қазақстанда да байқалады деп болжауда. Өйткені, ол Қазақстанның стратегиялық дамуының басым бағыты болып табылады және экономиканы құрылымдық қайта құруға және қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге ықпал ете алады. Әлеуметтік бизнес халық арасында кәсіпкерлің оң имиджін қалыптастыруға, бірлескен қызметті және азаматтық қоғамның белсенді ұстанымын ынталандыруға мүмкіндік бере алады [8].

Материалдар мен әдістер

Осыған байланысты, біз шағын және орта бизнестің жұмыс істеу моделін ұсынамыз. Оның ерекшелігі, құрылымдық-динамикалық қызметі болып табылатын оның әлеуметтік-экономикалық даму процестерін бастайтын, аймақтың ішкі жүйесі ретінде шағын және орта бизнестің қызметі болады (1-сурет, б. 107).

Біздің ойымызша, бұл модельді қолдану басшылыққа аймақтың әлеуметтік-экономикалық жүйесіндегі шағын және орта бизнестің құрылымдық-динамикалық қызметтерін ескеруге және басқарушылық шешімдер қабылдауға және оны жақын болашақта дамыту стратегиясын жасауға негізделген тәсілге мүмкіндік береді.




Сурет 1 – Қызметтің басым түрлерін (драйвер) анықтау моделі

Ескертпе – Дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

Сонымен, ҚР-да (немесе өңірлерде) ШОБ-тың даму деңгейін жан-жақты сипаттайтын көрсеткіштер тобын әзірлеу үшін біз осы көрсеткіштердің ресурстық-шығынды тәсілін және Иши-каваның себеп-салдарлық диаграммасын қолдана отырып, белсенді ШОБ субъектілерінің саны, тіркелген ШОБ субъектілерінің саны, ҚР халқының саны, шағын және орта бизнесте жұмыс істейтіндердің саны, ҚР-да жұмыс істейтіндердің жалпы саны, ШОБ-тегі өнеркәсіптік өнімнің көлемі, ШОБ ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі, ШОБ өнімдері мен қызметтерінің жалпы шығарылымы, ШОК субъектілері алған пайданың (шығынның) көлемі, Қазақстан Республикасының ЖІӨ, ҒЗТКЖ-ны жүзеге асыратын кәсіпкерлік сектор ұйымдарының (кәсіпорындарының) санын анықтадық [9]. Олардың ішінде туынды көрсеткіштердің келесідей жолдары қосымша әзірленді:

- ◆ жұмыс істеп тұрған ШОБ кәсіпорындарының үлес салмағы;
- ◆ 1000 тұрғынға шаққанда жұмыс істеп тұрған ШОБ саны;
- ◆ жұмыспен қамтылғандардың жалпы санындағы ШОБ қызметкерлерінің үлес салмағы;
- ◆ Республикадағы ЖІӨ-дегі ШОБ субъектілері өнімінің үлесі;
- ◆ ШОБ субъектілері өндірген өнім көлеміндегі басым бағыттардың (өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы) үлесі;
- ◆ ШОБ-та жұмыс істейтін бір адамға өнім өндіру;
- ◆ ШОБ субъектілері қызметінің пайдалылығы (залал алып келуі);
- ◆ ШОБ субъектілері қызметінің инновациялылығы (2-сурет, б. 108).



Сурет 2 – ШОБ тиімділігін кешенді бағалауға арналған Ишиканың себеп-салдарлық диаграммасы

Ескертпе – Дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

Суреттен көріп тұрғанымыздай, туынды көрсеткіштер себептік критерийлердің нәтижесі болып табылады және тиісті формулаларға сәйкес есептелді. ШОБ-ты кешенді бағалаудың ұсынылып отырған компоненттері әлеуметтік жағынан да, қаржы-экономикалық жағынан да осы сектордың шаруашылық жүргізуші субъектілері қызметінің тиімділігін жан-жақты сипаттайды.

Алгоритмнің келесі маңызды кезеңі – бұл әртүрлі бағаларды бір модельге біріктіру болып табылады. Жоғарыда әзірленген тиісті модельдермен туынды критерийлер тобын, берілген формула бойынша жалпы өлшем бірлігі бар І1-І8 индекстеріне аударамыз:

$$I_i = (X_i - X_{\min}) / (X_{\max} - X_{\min}), \quad (1)$$

мұндағы: i – реттегі I_i – индексі;

X_i – сәйкесінше i – реттегі өлшемдер;

X_{\min} , X_{\max} – туынды көрсеткіштердің минималды және максималды шекаралары.

Көрсеткіштердің минималды және максималды шекаралары 5 критерий үшін (0;100) шегінде көрсетілген: X_1 , X_3 , X_4 , X_5 , X_8 . Яғни бұл, 100%-дық көлемде берілетін бір нәрсенің үлес салмағын сипаттайды. Тиісті өлшемдері бар X_2 , X_6 , X_7 критерийлері үшін және максималды және минималды шектері белгіленбеген стандарттар қарастырылатын іріктеме бойынша анықталған (1-кесте).

Кесте 1 – Шағын және орта бизнес дамуының минималды және максималды шекарасын есептеу индексінің жиынтық кестесі

№	Көрсеткіш	Белгісі	Min	Max
1	Тіркелгендер қатарындағы ШОБ-тың белсенді субъектілерінің үлес салмағы, %-бен	X1	0	100
2	Халықтың 1000 тұрғынына шаққандағы жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінің саны, бірлік	X2	X2 min	X2 max
3	Жұмыспен қамтылғандардың жалпы санындағы ШОК-та жұмыспен қамтылғандардың үлес салмағы, %-бен	X3	0	100
4	ҚР-ның ЖІӨ-дегі ШОБ субъектілері өндіретін өнімінің үлесі, %-бен	X4	0	100
5	ШОК-тың басым бағыттарының үлесі, %-бен	X5	0	100
6	ШОБ-те жұмыс істейтін 1 жұмысшының өнімді өндіруі, мың тг/адам	X6	X6 min	X6 max
7	1 жұмысшыға шаққандағы ШОБ табыстылығы (шығыны), мың тг	X7	X7 min	X7 max
8	ШОБ субъектілерінің қызметінің инновациялылығы	X8	0	100

Ескертпе – Дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

Алгоритмнің үшінші кезеңінде көзделген өңірде ШОБ-ты дамытудың кешенді (Iia) қалыптастыру әдістемесін таңдау үшін, біз орташа арифметикалық, орташа геометриялық және орташа гармоникалық есептеу әдісі бойынша модельдің бірнеше нұсқаларын талдадық.

Аймақтағы шағын және орта бизнестің даму деңгейін бағалау үшін интегралды көрсеткіштің критериалды шекараларының келесі шкаласын ұсынамыз (қолданылатын көрсеткіштердің орташа геометриялық мәні ретінде есептелген).

Кесте 2 – Интегралдық көрсеткіштің ұсынылатын шекараларының шкаласы «өңірдегі шағын және орта бизнестің даму деңгейі»

Өңірдегі шағын және орта бизнестің әлеуметтік-экономикалық дамуының интегралдық көрсеткішінің деңгейі	Өңірдегі шағын және орта бизнестің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің интегралдық көрсеткішінің критериалдық шекаралары	Балл саны
Жоғары	1,05 және одан жоғары	1
Орташа	1,00–1,04	0,75
Төмен	0,7–0,99	0,5
Сыни	0,69 және одан төмен	0,25
Ескертпе – Дереккөз негізінде автормен құрастырылған.		

Критериалды шекаралар шкаласын негізге ала отырып, көрсеткіштердің орташа өсу қарқыны – 105% және одан жоғары болған жағдайда шағын және орта бизнестің даму деңгейі жоғары болатынын айтып өтуге болады.

Біз аймақтағы шағын және орта бизнестің әлеуметтік-экономикалық тиімділік деңгейін бағалауды жалпылау мақсатында критериалды шекара шкаласына сәйкес баллдардағы нәтижелі көрсеткіштердің орташа геометриялық көрсеткіші ретінде есептелетін ($I_{эpp}$) «аймақтағы шағын және орта бизнестің даму деңгейі» атты интегралды көрсеткішін енгізуді ұсындық:

$$\overline{I_{эpp}} = \sqrt[n]{I_{эp_1} * I_{эp_2} * I_{эp_3} * \dots * I_{эp_n}}$$

$$\overline{I_{эp}} = \sqrt[n]{Tr_1 * Tr_2 * Tr_3 * \dots * Tr_n}$$

мұндағы $I_{эpp}$ – «аймақтағы шағын және орта бизнестің даму деңгейі» интегралды көрсеткіші;

$I_{эp}$ – өзгерістің орташа геометриялық қарқыны ретінде есептелетін нәтижелі көрсеткіш;

$Tr_{1...n}$ – өңірдегі шағын және орта бизнестің жай-күйі мен дамуын сипаттайтын көрсеткіштерге 1... n өзгерістердің орташа қарқыны.

Шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдаудың тиімділігін бағалау бөлінген қаражаттың экономикалық тиімділігінің көрсеткіштері бойынша жүргізіледі.

Мемлекеттік қаржыландырудың экономикалық тиімділігі келесідей формула бойынша есептелетін әсерді көрсетеді:

$$\mathcal{E}_3 = P / MEMJ.,$$

мұнда \mathcal{E}_3 – мемлекеттік қолдаудың экономикалық тиімділігі;

P – шағын және орта бизнесті мемлекеттік қаржыландырудың орындалуынан экономикалық нәтиже;

MEMJ. – шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау бағдарламалары шеңберінде бөлінген мемлекеттік қаражат көлемі.

Шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдаудың экономикалық тиімділігін бағалау кезінде келесідей нәтижелі көрсеткіштерді қолданамыз:

$\mathcal{E}\mathcal{E} > 1$ – мемлекеттік қаржыландыру тиімді болып табылады;

$\mathcal{E}\mathcal{E} < 1$ – мемлекеттік қаржыландыру тиімді болып табылмайды.

Шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдаудың әлеуметтік тиімділігі экономиканың осы секторының мемлекеттік қолдау бағдарламаларына әлеуметтік белсенділігінің көрінісінде көрінеді.

Мемлекеттік қаржыландырудың әлеуметтік тиімділігін есептеу келесідей формула бойынша есептеледі:

$$\text{Э}_c = (\text{МБ}_n / \text{МБ}) \times 100\%,$$

мұнда Э_c – аймақтағы шағын бизнесті мемлекеттік қолдаудың әлеуметтік тиімділігі;

МБ_n – мемлекеттік қолдау алушылардың саны, бірл.;

МБ – өңірдегі шағын кәсіпорындардың саны, бірл.

Әлеуметтік тиімділік көрсеткішін арттыру нәтижесі Қазақстандағы қолдау бағдарламаларына шағын және орта бизнестің қызығушылығын көрсетеді.

Шағын және орта бизнес белгілі бір секторларда жұмыс істейді, кез-келген басқа шарттарды орындамай, автоматты түрде қалаған секторда жұмыс істеуге құқылы [10]. ШОБ жұмыс істейтін білікті қызмет түрлерінің тізімі өте үлкен. Олар: ауыл шаруашылығы, азық-түлік өндірісі, өнеркәсіптік өндіріс, көтерме сауда, бөлшектік сауда, көлік, қонақ үй бизнесі, ойын-сауық, білім беру, денсаулық сақтау және клиенттерге қызмет көрсету және т.б. сияқты. Пандемия кезінде көптеген ШОБ түрлеріне несие уақытын шегеруге және салықтан жеңілдіктер берілді. Басқа секторларда жұмыс істейтін шағын және орта бизнес, егер олардың бизнесі пандемия мен соған байланысты экономикалық құлдырау салдарынан зардап шеккенін көрсете алса, көрсетілген жеңілдіктерді алуға құқылы болады.

Бағалау, орташа мәні



Сурет 3 – 2017–2020 жылдар арасындағы мемлекет тарапынан қолдау алатын бағдарламалардың тиімділігін, жеткіліктілігін, уақытылы орындалуын бағалау

Ескертпе – Дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

Жоғарыда берілген көрсеткіштердің нәтижелеріне келетін болсақ:

- ♦ компаниялардың 50%-дан астамы, мемлекеттен қолдау алудың кезеңі 3 аптадан бастап одан да көп уақыт алғандығын көрсетті;
- ♦ компаниялардың 34%-ы бағдарламалардағы критерийлердің өзектілігі мен орындалуын «орташа деңгейден төмен» деп бағалады;
- ♦ компаниялардың 50%-дан астамы, ақпаратқа қолжетімділікті «орташа» деңгейде деп бағалады;

- ◆ компаниялардың тек 11%-ы «салықтық үзілістер» деп аталатын қолдау шарасы қаржылық жағдайды тұрақтандыру үшін тиімді деп санады;
- ◆ банктер болса, бизнесті қолдау бағдарламаларындағы шарттар өзекті және орындай алатын талаптары бар деп есептейді;
- ◆ зерттеуге қатысушылардың айтуы бойынша, қазіргі уақытта пандемия NPL 90+ деңгейіне әсер етпеді деп мәлімдейді.
- ◆ қорлар мен даму институттары тұрғысынан, мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін, жеткіліктілігін, уақытылы орындалуын орташа бағалау 10 бағдарламаның 5, 6-уын құрады;
- ◆ қорлар мен даму институттары тұрғысынан мемлекеттік бағдарламалар туралы хабарлау тиімділігінің орташа бағасы 10-ның ішінен 7, 8-ін құрады;
- ◆ Бизнесті мемлекеттік қолдаудың шаралары негізінен елдің жалпы даму стратегиясымен байланысты екенін айтып өткен жөн.

Талқылау

Болжам жасауға қажет ақпараттық базаның қамтамасыз етілуіне байланысты туындайтын қиындықтарды атап өтуге болады. Есептеулер мен болжамдардың мүмкін еместігі немесе нақты еместігі, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін дұрыс емес статистикалық есепке алудан, жылдар бойынша деректердің сәйкес келмеуінен туындайды. Сондықтан барлық ақпаратты мұқият өлшеу үшін, оған терең талдау қажет болады.

Нәтиже

- Берілген әдістемені тәжірибеде қолдану келесідей міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:
- ◆ экономиканың кәсіпкерлік секторындағы ақпараттық базаны жетілдіруді;
 - ◆ республикадағы, өңірлердегі және жекелеген облыстардағы шағын бизнестің деңгейін бағалау процесін оңтайландыруды;
 - ◆ шағын және орта бизнес субъектілері қызметі тиімділігінің талдамалық көрсеткіштерін есептеуді;
 - ◆ теориялық тұрғыдан критерийлердің жеткілікті мәндеріне сүйене отырып, ШОБ-тың даму деңгейін анықтауды.

Қорытынды

Қорытындылай келгенде, жүргізілген талдау нәтижесі Қазақстандағы шағын және орта бизнес секторының жұмыс істеуінің жай-күйі мен тиімділігін жан-жақты сипаттайтын және жасалған индекстің тәжірибелік құндылығын дәлелдейді. Тағы да айта кететін жайт, ол ШОБ тиімділігін бағалаудың кешенді әдістемесінің бейімділігі мен әмбебаптылығы болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Рубцова О.Л. Ресейлік шағын бизнесті мемлекеттік қолдау мәселелері // Ресейлік кәсіпкерлік. – 2015. – Т. 16. – № 17. – Б. 2697–2706.
- 2 Рудов С.В. Нарықтық экономиканы мемлекеттік реттеу бағыттары (Ресей тәжірибесі) [Электрондық ресурс] / Рудов С.В., Ахмеева В.И. // II «Студенттік ғылыми форум» Бүкілресейлік студенттік электрондық ғылыми конференциясы 15–20 ақпан 2011 ж. – М., 2011. Қатынау режимі: <http://www.rae.ru/forum2011/168/2199>
- 3 Сафиуллин А. Білімге негізделген экономикадағы «Ақылды реттеу» // Басқару теориясы мен практикасының мәселелері. – 2013. – № 5. – Б. 135–142.
- 4 Сейтжанов С.С. Қазақстандағы бизнесті мемлекеттік қолдау / Сейтжанов С.С. // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ., «Ғылыми ұмтылыстар» сериясы. 17 шығарылым. – 2016. – Б. 104–107.
- 5 Секерин В.Д., Горохова А.Е. Кәсіпкерлік құрылымдардың тиімділігін арттыру факторы ретінде ұлттық инновациялық жүйені қалыптастыру және дамыту // Экономика және кәсіпкерлік. – 2015. – № 10, 2 бөлім – Б. 1063–106.

6 Соколов С.В. Экономиканы мемлекеттік реттеудің мәселелері мен шектеулері // Ғылым мен білімнің даму перспективалары: ғылыми жинақ. тр. халықаралық материалдар бойынша ғылыми-практ. конф. – 2014. – Б. 98–100.

7 Спектор А.А. Мемлекеттік бақылау (қадағалау) жүргізу кезінде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын қорғау // Кәсіпкерлік құқық. – 2013. – № 2. – Б. 21–23.

8 Таланова Е.А. Қазіргі экономикадағы нарықты мемлекеттік реттеу теорияларын салыстырмалы талдау / Таланова Е.А., Хуаде А.Ш. // саны: Саясат, экономика, құқық. – 2014. – № 1. – Б. 135–137.

9 Қазақстан Республикасының 2019–2023 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы // 2018 жыл 15 мамыр. Қатынау режимі: <http://www.minfin.gov.kz/irj/go/km/docs/documents/.pdf>

10 Столбов М.И. Қаржы нарығының ауқымы және экономикалық өсуді басқару // Заманауи менеджмент. – 2007. – № 3. – Б. 24–30.

REFERENCES

1 Rubcova O.L. (2015.) Resejlik shaғыn biznesti memlekettik қолдау мәселелері // Resejlik кәсіпкерлік. Т. 16, No. 17, pp. 2697–2706.

2 Rudov S.V. (2011) Нарықтық jekonomikany memlekettik retteu baryttary (Resej tәzhiribesi) [Jelektronдық resurs] / Rudov S.V., Ahmeeva V.I. // II “Studenttik ғылыми forum” Бүкілresejlik studenttik jelektronдық ғылыми konferencijasy 15–20 ақпан 2011 zh. – М., Қатнау rezhimi: <http://www.rae.ru/forum2011/168/2199>

3 Safiullin A. (2013) Bilimge negizdelgen jekonomikadaғы “Ақылды retteu” // Bасқару teorijasy men praktikasynың мәселелері, No. 5, pp. 135–142.

4 Sejtzhanov S.S. (2016) Қазақстандағы biznesti memlekettik қолдау / Sejtzhanov S.S. // L.N. Gumilev atyндағы EҰU, Astana қ., “Ғылыми ұмтылыстар” serijasy. 17 shyғарылым, pp. 104–107.

5 Sekerin V.D., Gorohova A.E. (2015) Кәсіпкерлік құрылымдардың тиімділігін арттыру факторы retinde ұлттық innovacijalyқ zhүjeni қалыптастыру zhәне damyту // Jekonomika zhәне кәсіпкерлік, No. 10, 2 bөlim, pp. 1063–106.

6 Sokolov S.V. (2014) Jekonomikany memlekettik retteudiң мәселелері мен shekteuleri // Fylym men bilimнің даму perspektivalary: ғылыми zhinaқ. tr. halyқаралық materialdar bojynsha ғылыми-практ. конф., pp. 98–100.

7 Spektor A.A. (2013) Memlekettik бақылау (қадағалау) zhүrgizu kezinde shaғыn zhәне орта кәсіпкерлік sub#ektілерінің құқықтарын қорғау // Кәсіпкерлік құқық, No. 2, pp. 21–23.

8 Talanova E.A. (2014) Қазirgi jekonomikadaғы нарықты мемлекеттік retteu teorijalaryn salystyrmaly taldaу / Talanova E.A., Huade A.Sh. // sany: Sajasat, jekonomika, құқық, No. 1, pp. 135–137.

9 Қазақстан Respublikasynың 2019–2023 zhyldarға арналған әлеumettik-jekonomikalық даму bolzhamy // 2018 zhyl 15 мамыр. Қатнау rezhimi: <http://www.minfin.gov.kz/irj/go/km/docs/documents/.pdf>

10 Stolbov M.I. (2007) Қарzhy нарығының ауқымы zhәне jekonomikalық өсуді басқару // Zamanaui menedzhment, No. 3, pp. 24–30.

И.Ә. ИМАНБАЙ,^{1*}

М.Э.Н.

*e-mail: i.imanbay@turan-edu.kz

С.А. КАЛЕНОВА,¹

д.э.н., профессор.

e-mail: saulesh57@mail.ru

М.Н. ОРАЗАЛИНОВА,¹

PhD.

e-mail: m.orazalinova@turan-edu.kz

¹ Университет «Туран», Казахстан, г. Алматы

МЕТОДИКА ОЦЕНКИ ЭФФЕКТИВНОСТИ РАЗВИТИЯ МАЛОГО И СРЕДНЕГО БИЗНЕСА КАЗАХСТАНА

Аннотация

Целью статьи является раскрытие актуальных на сегодняшний день тем по развитию малого и среднего бизнеса в стране и его поддержке со стороны государства. В данной статье проведена аналитическая работа по отраслям малого и среднего бизнеса, дано несколько видов методических указаний. Были представлены определения и концепции, высказанные несколькими авторами относительно социально-

го бизнеса, а также показаны виды бизнеса, используемые в зарубежной практике. В статье изложены исследования и авторские предложения ученых, связанные с развитием и эффективным функционированием малого и среднего бизнеса в соответствии с темой, и представлены результаты проведенного анализа и исследования. Зачастую развитие бизнеса в регионах хромает. Для его развития необходимо решение вопросов информатизации со стороны государства и местной власти. Поэтому мы считаем, что данное методическое руководство и несколько предложенных решений будут приняты во внимание. Мы рассчитываем, что в Казахстане будет развиваться база информатизации, повысится доступ к различным программам и законодательным актам, касающимся малого и среднего бизнеса. Представлены результаты нескольких анализов при изучении способов поддержки, оказываемой государством для развития малого и среднего бизнеса в Казахстане. Оценка эффективности государственной поддержки малого и среднего бизнеса проводится по показателям экономической эффективности выделенных средств. Повышение показателя социальной эффективности свидетельствует об интересе и вовлеченности малого и среднего бизнеса в программы государственной поддержки в Казахстане.

Ключевые слова: предпринимательство, бизнес, методические указания, государственные программы, индекс, информационная база, модель.

I.A. IMANBAY,^{1*}

m.e.s.

*e-mail: i.imanbay@turan-edu.kz

S.A. KALENOVA,¹

d.e.s., professor.

e-mail: saulesh57@mail.ru

M.N. ORAZALINOVA,¹

PhD.

e-mail: m.orazalinova@turan-edu.kz

¹Turan University, Kazakhstan, Almaty

METHODOLOGY FOR ASSESSING THE EFFECTIVENESS OF THE DEVELOPMENT OF SMALL AND MEDIUM-SIZED BUSINESSES IN KAZAKHSTAN

Abstract

The purpose of the article is to reveal the current topics on the development of small and medium-sized businesses in the country and support provided to them from the state. In this article, analytical work is carried out on the branches of small and medium-sized businesses, and several types of methodological guidelines are given. The definitions and concepts expressed by several authors regarding social business were presented, as well as the types of business used in foreign practice. The purpose of the study is to present the research and author's proposals of scientists related to the development and effective functioning of small and medium-sized businesses in accordance with the topic, and to present the results of the analysis and research. Often, business development in regional regions is lagging behind. For its development, it is necessary to solve the issues of informatization on the part of the state and local authorities. Therefore, we believe that this methodological guide and several proposed solutions will be taken into account. We expect that Kazakhstan will develop the informatization base, increase access to various programs and legislative acts related to small and medium-sized businesses. The results of several analyses were presented, examining the support provided by the state to the development of small and medium-sized businesses in Kazakhstan. The assessment of the effectiveness of state support for small and medium-sized businesses is carried out according to the indicators of the economic efficiency of the allocated funds. The increase in the indicator of social efficiency indicates the interest and involvement of small and medium-sized businesses in state support programs in Kazakhstan.

Key words: entrepreneurship, business, methodological guide, government programs, index, information base, model.